


Луиза Мэй Олкотт



Роман

Балаларға бейімдеп
аударған Назерке Жасарал

Астана-кітап

ӘӘЖ 821.111-93 (73)
КБЖ 84 (7Coe)
О-55

Луиза Мәй Олкотт

Л 86 Розаның жеті жиені: Роман. / Л.М.Олкотт, : - Алматы:
Астана-кітап, 2024. - 58 б.

Роза ата-анасынан ерте айрылды. Оны әкесінің бауырлары өз қаморлығымызға аламыз деп шешеді. Көкесі Алектен бастап, Кэмпбел отбасындағы тәтелері барынша бағып-қағуға тырысады. Жаңа бауырларының ортасында Роза өзін жалғыз сезінбей, қайта нағыз ханшайымдай мейірімділікке бөленеді.

ISBN 978-601-7595-99-9

ӘӘЖ 821.111-93 (73)
КБЖ 84 (7Coe)

ISBN 978-601-7595-99-9

©Астана-кітап, 2024

АВТОР ТУРАЛЫ



Олкотт Луиза Мэй – 1832 жылдың 29 қазанында дүниеге келген америкалық жазушы. Луиза Мэй “Кішкентай әйелдер” (Little women) атты романы арқылы әлемге танылды.

Луизаның анасы жазушы әрі әйел құқығын қорғаушы топтың мүшесі болған. Өмірінің қиын кезеңінде оның аяққа тұрып, жазушылықты тастаумауына Шарлотта Бронтенің ұқсас өмірі көмектескен болатын.

Алғаш “Кішкентай әйелдер” атты роман жарық көргенде, сыншылар бұл кітап жайында “алты жастан он алты жасқа дейінгі оқырмандардың жүрегінен орын тапқан ерекше кітап” деген пікір білдірген.

Өмірінің соңына дейін жазушылыққа арнаған Луиза Мэй тұрмыс құрмай, шығармашылықпен айналысып, сонымен қатар әйел құқығын қорғаушы қозғалыстың мүшесі болған.

КЕЙШКЕРЛЕР



Роза



Арчи



Чарли ханзада



Мэк



Стив



Жоржи



Уилл



Кенже Жеми

МАЗМҰНЫ

I БӨЛІМ. ЕКІ ҚЫЗ	6
II БӨЛІМ. КӨКЕТАЙ	13
III БӨЛІМ. ҚЫТАЙҒА САЯХАТ	23
IV БӨЛІМ. МӘКТИҢ ЖАҒДАЙЫ	29
V БӨЛІМ. БАҚЫТТЫ ТУҒАН КҮН	35
VI БӨЛІМ. ШЫРША ТАЛЫНЫҢ АСТЫНДА	43
VII БӨЛІМ. ТАТУЛАСУ	51

I БӨЛІМ. ЕКІ ҚЫЗ

Кішкентай Роза үлкен қонақ бөлмеде жалғыз отырды. Көзіне қайта-қайта жас келе берген соң, беторамалды қысып ұстап алыпты. Қараңғылық басқан қонақ бөлмеге біреу-міреу кіре бермейтін болған соң, осында келіп, бір іш тарқатқысы келгенді. Қайғыру үшін кең әрі ескі жиһаздармен жабдықталған, қабырғада адамдар бейнеленген бөлме нағыз таптырмас орын. Далада нәсерлеп жауған жаңбырдың дауысы да “Сенің де, менің де көңіліміз жоқ секілді. Кел, бірге жылайық” деп тұрғандай.

Роза тұл жетім болып қалғандықтан үлкен қайғыға душар болып еді. Бірнеше жыл бұрын анасы көз жұмса, енді міне, әкесі де өмірден озды. Әкесінің мейірімді үлкен әпкелері Розаны өз қамқорлығына алып, кішкентай қыздың аз да болсын көңілді жүріп, денінің сау болғанын қаласа керек. Ол үшін апалары қолынан келгеннің бәрін жасады. Алайда, тәтелеріне Роза жаралы көбелектей әлі де мұңды, әлсіз көрінді.

Молшылық тәте... Кезінде бауырлары тәтесінің

жомарттығы мен үйінде үнемі молшылық болғандықтан осылай атап кеткен. Тағы бір тәтесі асқан сабыр иесі болғаны үшін Тыныштық тәте атанды. Екі тәтесі үйдегі түрлі қораптарды ақтарумен немесе қуыршаққа жібектен киім тігумен ойын бөлуге тырысса да, Розаның үнемі көзі жасқа толы болатын. Еңбегі зая кеткен тәтелері, оны бірнеше күнге еркіне қоя берді.

Апалары Розаға үйдің түкпір-түкпірін аралауына еркіндік берді. Енді міне, екі күн бойына ол үйді шарлап, бұрыш-бұрышын зерттеп шықты. Зәулім, көптеген ерекше бөлмелері бар, сәнді безендірілген дәліздер мен күтпеген жерден пайда болатын үлкенді-кішілі терезелерге толы үй Розаға бірден ұнап қалды.

Роза бұл жерде біраз кітап оқып, тігін тігіп, кейде көз жасына ерік беретін. Жаңбыр бірнеше күн бойы тоқтамай жауғандықтан, бақшаға шығып ойнай да алмады. Өзін көңілді ұстауға тырысса да, жүзі солып, көздері қызарып, жұтаң көрінеді.

Бір уақытта еміс-еміс құстың шырылдаған үні шыға бастады. Құстың шырылы нағыз шебер адамның орындағанына ұқсағаны сөзсіз еді: алдымен шырылдаған дауыс әуезді ысқырыққа ұласты, жуан қарқылмен жалғасып, сыңғырлаған күлкімен аяқталды.